

## Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық күәліктерді шығару (бери), олардың айналысы және өтелу қағидалары туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 1012 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық күәліктерді шығару (бери), олардың айналысы және өтеу қағидалары туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайловқа Келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға екілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ. Токаев

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2022 жылғы 15 қыркүйектегі

№ 1012 Жарлығымен

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

## Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдеріне арналған қоймалық күәліктерді шығару (бери), олардың айналысы және өтелу қағидалары туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты негізге ала отырып,

ауыл шаруашылығы өнімдері нарығының жұмыс істеудегі ашықтығын қамтамасыз етуге деген ұмтылысты бөлісе отырып,

Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі - Одақ) шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдеріне арналған қоймалық күәліктерді пайдалану практикасын кеңейтуге және олардың тұрақты айналысын, сондай-ақ қоймалық күәліктерді ұстаушылардың қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүше мемлекеттердің мүдделі екеніне негізге ала отырып,

өзара құрмет, теңдік және ашықтық қағидаттарын сақтай отырып, төмендегі туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады;

"қоймалық қуәлікті ұстаушы" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, қоймада сақталатын ауыл шаруашылығы өнімдеріне қоймалық қуәлікте көрсетілген мөлшерде және сапада билік ету құқығы бар занды немесе жеке тұлға;

"кеңіл ұстаушы" - ауыл шаруашылығы өнімдерінің кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындауды талап етуге құқығы бар занды немесе жеке тұлға;

"қоймалық қуәліктер тізілімі" - шығарылған (берілген) қоймалық қуәліктер туралы, оның ішінде қоймалық қуәліктермен жасалған операциялар (оларды өтеуді қоса алғанда) туралы, қоймалық қуәліктердің айналысына немесе олар бойынша құқықтарды жүзеге асыруға шектеулердің бар-жоғы (олардың сипатын қоса алғанда) туралы мәліметтерді, сондай-ақ қоймалық қуәліктерді ұстаушылар мен кепіл ұстаушылар туралы мәліметтерді қамтитын мүше мемлекеттің ақпараттық ресурсы;

"қойма" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызмет ретінде тауарларды сактауды және ауыл шаруашылығы өнімдерін сактау бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің занды тұлғасы;

"қоймалық қуәлік" - ұстаушысының қоймадан осы қағазды шығару (беру) кезінде айқындалған мөлшерде және сапада ауыл шаруашылығы өнімдерін алу құқығын қуәланышыратын және кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындауды талап ету құқығын беретін құжаттамасыз эмиссиялық емес бағалы қағаз.

Осы Келісімде пайдаланылатын өзге де ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта және Одақ шенбериңдегі халықаралық шарттарда айқындалған мағыналарда түсініледі.

**Ескерту. 1-баптың орыс тіліндегі өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді –  
ҚР Президентінің 29.05.2023 № 237 Жарлығымен.**

## 2-бап

1. Осы Келісім Одақ шенбериңде қоймалық қуәліктерді шығаруға (беруге), олардың айналысына және өтелуіне байланысты құқықтық қатынастарды реттейді және қоймалық қуәліктерге қойылатын талаптарды айқындейды.

2. Одақ шенбериңде қоймалық қуәліктерді шығару (беру), олардың айналысы және өтелуі осы Келісімнің ережелері ескеріле отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қоймалық қуәліктердің айналысы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес биржада және (немесе) биржадан тыс нарықта жүзеге асырылады.

4. Қоймалық қуәліктері шығарылатын (берілетін) ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрлері мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалады.

5. Мүше мемлекеттерде шығарылған (берілген), қоймалық қуәліктер тізілімдеріне енгізілген және осы Келісімнің талаптарына сәйкес келетін қоймалық қуәліктерді мүше мемлекеттер өзара таниды.

### 3-бап

1. Белгілі бір мөлшердегі және сападағы ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға қабылдауды растау үшін қойма орыс тілінде және мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде (мемлекеттік тілдерінде) (егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе) ресімделген қоймалық қуәлікті шығарады (береді).

2. Қоймалық қуәлікте мынадай міндетті мәліметтер (деректемелер):

а) қоймалық қуәліктің нөмірі мен шығарылған (берілген) күні;

б) ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға қабылдаған қойманың атауы, оның тұрған жері және тұлғаны мүше мемлекеттің салық төлеушісі ретінде сәйкестендіретін нөмір;

в) занды тұлға үшін - ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға тапсырган қоймалық қуәлікті ұстаушының: атауы, оның тұрған жері, жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері, тұлғаны мүше мемлекеттің салық төлеушісі ретінде сәйкестендіретін нөмір (бар болса);

ғ) сақтауға қабылданған ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрі, оның сандық және сапалық сипаттамалары;

д) егер мұндай мерзім мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленсе, ауыл шаруашылығы өнімдері сақтауға қабылданған мерзім не өнім талап етілгенге дейін сақтауға қабылданды деп көрсетілуі;

е) қоймалық қуәліктерді шығара отырып (бере отырып), ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған рұқсаттың не қойма туралы мәліметтердің қоймалық қуәліктер шығаратын (беретін) мүше мемлекет қоймаларының тізіліміне (бұдан әрі - қоймалар тізілімі) енгізілгенін растайтын құжаттың деректемелері;

ж) ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтағаны үшін сыйақы мөлшері (оның негізінде есептелетін тарифтер) және осы өнімдерді сақтауға ақы төлеу тәртібі не оған дейін сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жүргізілген күн;

з) қоймалық қуәлік бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәртібі туралы мәліметтер қамтылады.

### 4-бап

1. Шығарылған (берілген) қоймалық күелік туралы мәліметтер қоймалық күеліктер тізіліміне енгізіледі.

2. Қоймалық күелік бойынша құқықтар берілген жағдайда, қоймалық күеліктер тізіліміне тиісті жазба жасалады.

3. Қоймалық күеліктер тізілімінде осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағында көзделген мәліметтер, сондай-ақ:

а) кепіл ұстаушының атауы, тұрған жері, оны мүше мемлекеттің салық төлеушісі ретінде сәйкестендіретін немір туралы (ауыл шаруашылығы өнімін кепілге қойған жағдайда);

б) қоймалық күелік бойынша құқықтарды беру туралы;

в) қоймалық күеліктің етелуі туралы;

г) қоймалық күелік бойынша құқықтарды шектеу туралы мәліметтер қамтылады.

4. Қоймалық күеліктер тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі осы баптың ережелері ескеріле отырып, мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалады.

5. Қоймалық күеліктер бойынша құқықтарды есепке алу мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалатын ұйымдарды тарта отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

**Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 29.05.2023 № 237  
Жарлығымен.**

## **5-бап**

1. Қойма өз қызметін мүше мемлекеттің аумағында жүзеге асырады және мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау қағидаларын және ауыл шаруашылығы өнімдерін сандық-сапалық есепке алуды жүргізуге қойылатын талаптарды сақтайды.

Қойма мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен қоймалық күеліктер шығара отырып (бере отырып), ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған рұқсат берілген күннен бастап не мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен ол туралы мәліметтер қоймалар тізіліміне енгізілген күннен бастап қоймалық күеліктер шығарады (береді).

2. Қоймалар тізілімінде мынадай:

а) қойма сақтауға маманданған ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұрі туралы;

б) қойманың атауы, типі, сыйымдылығы, қолжетімді сақтау көлемі, тұрған жері және ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау орны туралы;

в) қоймалар тізілімінде қойманың тіркелгенін растайтын, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілетін құжат туралы мәліметтер;

г) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес өзге де мәліметтер қамтылады.

## **6-бап**

1. Қоймалық қуәлік бойынша сақтауға қабылданған ауыл шаруашылығы өнімдері олардың сақталу мерзімі ішінде кепіл нысанасы бола алады, ол қоймалық қуәлік бойынша құқықтарды шектеу туралы мәліметтерді қоймалық қуәліктер тізіліміне енгізу арқылы ресімделеді.

2. Қоймалық қуәліктер тізілімінде қамтылған қоймалық қуәліктің кепілдігі туралы мәліметтер болған кезде қоймалық қуәлікті ұстаушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерді етегенге дейін қоймадан ауыл шаруашылығы өнімдерін ала алмайды.

3. Қоймалық қуәліктер тізілімінде қоймалық қуәлік бойынша құқықтарды жүзеге асыруға арналған шектеулер туралы мәліметтер болмаған кезде қойма ауыл шаруашылығы өнімдерін қоймалық қуәлікті ұстаушыға береді.

4. Осы баптың 2-тармағының талаптарына қарамастан, қоймалық қуәліктер тізілімінде өзіне қатысты кепіл туралы жазба қамтылған, қоймалық қуәлікті ұстаушыға ауыл шаруашылығы өнімдерін берген қойма қоймалық қуәліктің кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді етеу үшін кепіл ұстаушының алдында жауапты болады.

5. Қоймалық қуәлік бойынша құқықтарды жүзеге асыруға шектеулермен ауыртпалық салынбаган оны ұстаушы ауыл шаруашылығы өнімдерін бөліп-бөліп беруді талап етуге құқылы. Бұл ретте бастапқы қоймалық қуәліктің орнына оған қоймада қалған ауыл шаруашылығы өнімдеріне жаңа қоймалық қуәлік шығарылады (беріледі).

## 7-бап

Қойма мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің иесі арасындағы қатынастар жария сақтау шартын жасасу арқылы ресімделеді. Жария сақтау шартына мынадай:

сақтауға берілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің саны мен сипаттамалары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті олардың сапалық көрсеткіштері туралы;

қойманың мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген мерзімде сақтауға қабылданған, сапасы бойынша біртекті ауыл шаруашылығы өнімдерінің партиясына қоймалық қуәлік шығару (беру), сақтауға қабылданған ауыл шаруашылығы өнімдерінің қоймалық қуәлікте көрсетілген мөлшерде және сапада сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жария сақтау шарты бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және (немесе) қоймалық қуәліктер бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорының (қорларының) қатысушысы болу міндеттемелері туралы міндетті мәліметтердің енгізілуі ескеріле отырып, жария сақтау шартының үлгілік нысаны мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалады,

## 8-бап

Мұше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен мұше мемлекет "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде мыналардың:

мұше мемлекеттің қоймалық куәліктер тізілімінен мәліметтерге қол жеткізу дің бірыңғай нүктесін ұсынатын интернет-ресурстың;

ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына сараптаманы жүзеге асыратын ұйымдар туралы мәліметтердің (атауы, тұрған жері, сондай-ақ тұлғаны мұше мемлекеттің салық төлеушісі ретінде сәйкестендіретін нөмір);

мұше мемлекеттегі қоймалық куәліктердің айналысын реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің, қоймалық куәліктер тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібінің, сондай-ақ осындай актілер жобаларының;

қоймалық куәліктер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәртібі мен шарттары туралы ақпараттың;

қойма мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің иесі арасындағы жария сақтау шартының үлгілік нысанының;

қоймалық куәліктер шығара отырып (бере отырып), ауыл шаруашылығы өімдерін сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған рұқсаттар берілген не қоймалар тізіліміне енгізілген қоймалар тізбесінің орналастырылуын қамтамасыз етеді.

## 9-бап

1. Қоймалардың қоймалық куәліктер бойынша міндеттемелерді орындаудың қамтамасыз ету мұше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және қоймалық куәліктерді ұстаушылардың құқықтары мен занды мұдделерін қоймалардың өздері шығарған (берген) қоймалық куәліктер бойынша міндеттемелерді орындаудынан, оның ішінде мұше мемлекеттерде қоймалық куәліктер бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорын (қорларын) қалыптастыру немесе қоймалардың қоймалық куәліктерді ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру арқылы қорғауға бағытталған ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар кешенін көздейді.

2. Мұше мемлекеттерде құрылатын қоймалық куәліктер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын талаптарды мұше мемлекеттердің ұсыныстары негізінде Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі айқындейды.

3. Мұше мемлекет өз аумағында мұше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қоймалардың қоймалық куәліктер шығару (бери) және олардың өтелеу қағидаларын, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау қағидаларын, қауіпсіздік талаптарын және ауыл шаруашылығы өнімдерін сандық-сапалық есепке алуды жүргізуге қойылатын талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді.

4. Мұше мемлекет мұше мемлекеттің аумағында қоймалық куәліктері шығарылатын (берілетін) ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасына сараптама жүргізу ді қамтамасыз етеді,

## **10-бап**

Осы Келісімге ескертулер жасауға жол берілмейді.

## **11-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелеріне сәйкес шешіледі.

**Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 29.05.2023 № 237  
Жарлығымен.**

## **12-бап**

Осы Келісім Одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Одақ құқығына кіреді.

## **13-бап**

Мүше мемлекеттердің өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен рәсімделеді және осы Келісімнің ажырамас белігі болып табылады.

## **14-бап**

Осы Келісім мүше мемлекеттердің осы Келісімнің күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді, бірақ 2026 жылғы 1 маусымнан ерте болмайды.

**Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 29.05.2023 № 237  
Жарлығымен.**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сакталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, оның қуәландырылған көшірмесін әрбір мүше мемлекетке жібереді.

Армения      Беларусь      Қазақстан      Қыргыз      Ресей Федерациясы  
Республикасы үшін    Республикасы үшін    Республикасы үшін    Республикасы үшін    үшін